

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде халықаралық университеттер арасындағы сериктестікті нығайту және тәжірибе алмасу мақсатында техникалық факультеттің «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасына сыртқы академиялық ұтқырлықтың стратегиялық серіктес ретінде колданбалы ғылымдар университетінің өндірістік инженерия және басқару ғылымдарының магистрі Туула Лойтти (Лахти, Финляндия) шақырылды.

2018 жылдың 22 қазан және 1 қараша аралығында дәрістер оқылып, «Методология «6 сигм» тақырыбында практикалық сабақтар өткізілді. Сонымен қатар, бакалавр, магистрант, докторант және профессорлық құрылымға арнайы шеберлік сабақтары өткізілді.

Кездесу барысында мамандықтың білім беру бағдарламасын талқылауға арналған дөңгелек үстел білім беру үдерісін жақындастыруды қамтамасыз ету және заманауи өндіріс қажеттіліктерін, стандарттау, сертификаттау және ауыл шаруашылығы өнімдерін сапалы басқару саласында кең көлемдегі білімі бар мамандарды даярлау мақсатында ұйымдастырылды.

Жалпы барлық қатысушылар Туула Лойттидің жоғары біліктілігін атап өтіп, ғылыми-зерттеулік және педагогикалық жағынан тәжірибе алмасты.

